

ISSN 1818-9032



ҚАЗАҚСТАН  
МУПАПАМАПА

1(2) / 2006



Рашид ОРАЗОВ, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институтының кіші  
ғылыми қызметкері


## СЫЗДЫҚ СҰЛТАН

Сыздық Кенесарыұлына қатысты деректер Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының 383-және 267-қорлары мен 345-қорында және Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының 1-ші, 17-ші қоры мен 715-қорларында сақталған. Сондай-ақ «Военный сборник», «Руский вестник», «Голос», «Туркестанский сборник» секілді мерзімді басылымдарда және әскери тарихшылар М. А. Терентьев, Н. Павлов, Е. Смирнов, Н.И. Гродков, Д. Ромоновскийдің еңбектерінде Сыздық сұлтанға қатысты мәліметтер бар. Ал соңғы кезеңде А.Ш.Махаева, С.Сайфумаликова Сыздық сұлтан мен Кенесары ұрпақтарына байланысты ғылыми мақалалар жариялауда.

Мұрағат қорларындағы деректер мен 1917 жылға дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Сыздық есімі Садық, Сыдық деп те берілген. 1910 жылы Ташкентте жарық көрген Н. Павловтың «История Туркестана» атты еңбегінде Сыздықты былайша сипаттаған: «Кенесары Қасымұлының баласы, Абылай ханның шөбересі, Тұрандағы аса ірі тұлғаның бірі болып табылатын даланың осынау жаужүрек ұлының бойына бізге деген өшпенділік ана сүтімен бірге сіңгендей еді. Тұран өлкесіндегі өз замандастарынан Сыздықтың сирек кездесер оқшау бір өзгешелігі - атақ, мансап, қадыр құрмет іздемегендігі, жақсы жауынгер, талмас қажыр иесі екендігі де, оның жақсы қасиеттерінің қатарында аталуы тиіс»—дейді<sup>1</sup>.

XIX ғасырдың 60-жылдары Ресей империясының Оңтүстік Қазақстанды әскери жаулап алуы кезінде, оларға қарсы сұлтан Сыздық Кенесарыұлы әке жолын жалғастырып, тәуелсіздік үшін күрескен болатын.

1860 жылғы Ұзынағаштағы шайқас кезінде қоқан әскерінің орыстардан жеңілуі, Кенесары ұрпақтарының өмір жолын екіге айырған болатын. Тайшық пен Ахмет орыс билігін мойындап, Перовскіге көшеді. Сыздық сұлтан қоқандықтар жағында қалған болатын. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында 1863 жылы 27 наурызда жазылған мына бір дерек мәліметінде Сыздықтың да туыстары мен орыс билігіне өткендігі туралы айтылады. «Көшек Қасымов, Сыздық Кенесарин 92 үйлі түтінмен Қаратаудан көшіп, Атбасар округіне келді. Сыздық, Омар, Оспан, Әбубәкір және Жақай сұлтандар төлеңгіттерімен және 42 түтінмен Қызылтас - Ебескі Жұртшы болыстығына тоқтады. Сұлтан Көшек Қасымов балала-



Сыздық Кенесарыұлы,  
Қасым немересі



зы Әбілфейіз, Қашқынбай, Әбілқайыр, Арыстанбек және Үсен Қасымов, Балғожа мен Крәлі (Прәлі – P.O.) Бопиндер 50 үйлі түтінмен Қара бала – Сарғалдақ болыстығына орналасты. Олар бұл округке көшіп келіп, билікті мойындадық дегенімен біздің айтқанымызды орындамай өздерінің тонаушылық әрекеттерін жалғастыруда»<sup>2</sup>. Сонымен қатар «Голос» газетінде қарық көрген мақалада: «1862 жылы Сыздық біздің билігімізге бағынатын, кезекті бір барымгада ол Перовскіден Түркістанға қашып кетті. 1864 жылы Түркістанды басып алар кезімізде ол бізге қарсы күресті» деп жазады<sup>3</sup>.

Орта Азия хандықтарының ішінде Ресейдің жаулаушылық соғысына қарсылық көрсеткен Қоқан хандығының регенті қыпшақ Әлімқұл болды. Бұл кезде Әлімқұлды қолдаушылардың бірі Сыздық сұлтан Шымкент бекінісін қорғауда ерлік жасаған еді.

1964 жылғы 20 шілдеде Черняев әскері Шымкент бекінісіне шабуыл жасайды. Ал Әлімқұл қала қорғанысын күшейтіп, Сыздық сұлтан мен Мыңбайға екі мың сарбаз беріп, қорғаннан гысқары Қошқар ата тарапынан орыс әскеріне ашық шабуылға шығуға бұйрық береді. Оларға біз керней тартқанда шабуылға шығындар деп ескертеді. Черняев әскерін бекініске жақын әкеліп, зеңбіректен қорғанға қарай оқ ата бастайды. Әлімқұл қорғанның ішінде тұрып, зеңбіректен қарсы оқ атады, осы уақытта орыс әскері Черняевтің бұйрығымен мылтықты жүре атып, бекініске жақындай түседі. Әлімқұл орыс әскерін бекініске жақындатып алып оқпен қарсы алып, оларға тосқауыл жасады. Дәл осы кезде ашық ұрысқа Сыздық пен Мыңбай бастаған әскер араласып, орыс әскерін үлкен шығынға ұшыратты.

Шайқаста Черняев әскерінің құрамында болған капитан Г.Сярковский 1891 жылғы өзінің естелігінде «Көпке созылған атысулардан нәтиже шықпады. Қаланы басып алу мүмкіншілігін сезген қолбасшымыз амалсыз шегінуімізге бұйрық берді» - деп жазды<sup>4</sup>.

Шымкентке жасалған алғашқы шабуылда орыс әскерінің зеңбіректерінің оғының алысқа ұшуы мен дәл тиюі, қоқандық зеңбіректерге қарағанда төмен еді. Бұл кезде Қоқан әскері соңғы үлгідегі ағылшын зеңбіректеріне қол жеткізген болатын. Шымкентке жасаған алғашқы шабуылда нәтижеге жетпеген генерал Черняев Әулиеатаға қарай шегінеді.

Әлімқұл Шымкент қаласындағы жеңіс күнінің ертесінде әскер басшыларымен болған кеңесте тәуелсіздік үшін күрес жолында қаза тапқандарға дұға оқып, келесі шайқастың үлкен болатынын ескерте отырып, қорғанысты нығайту мүмкіншілігін қарастырып, әскер басыларға нақты нұсқауларын берді. Шымкент бекінісін қорғау Ташкенттің бектербегі Мырза Ахметке тапсырылды. Ал сұлтан Сыздыққа Шымкент пен Ташкент аралығындағы бекіністерді нығайту мен жаңа күштерді топтастыру міндеттері жүктелді. Әлімқұлдың өзі үлкен күштерді жинау мақсатында Қоқанға кетеді. Сондай-ақ ол Бұхар, Хиуа хандықтарын біріктіру арқылы Ресейге қарсы соғыс Одағын құруға күш салды. Ағылшын үкіметінің де басты көздеген мақсаты Қоқан, Бұхар және Хиуа хандықтарының біріккен одағы құрылып, Ресей империясына қарсы тұрса, онда өздерінің Ауғанстан мен Индиядағы биліктеріне қауіпті болмайтынын сезді. Егер бұл одақ құрылса, Ресей мен Ағылшын отарларының аралығындағы сенімді қабырға болады деп есептеді<sup>5</sup>.

Бірақ Ресей империясы мұндай одақтың құрылуына мүмкіндік тудырмады. Мұрағат мәліметтерінде Сыздық сұлтан Бестамғалы мен Қоңырат руларын орыс әскеріне қарсы күресте өзін қолдауын өтінеді. Бірақ бұл рулар Сыздықтың өтінішінен бас тартып, Бестамғалы руының үлкен бөлігі Әулиеата бағытына көшсе, ал Қоңырат рулары Перовск бағытына көшеді<sup>6</sup>.

Шымкентті орыс әскері басып алардың алдында Қоқан хандығының өз ішінде екі саяси топ құрылады. Біріншісі қыпшақ партиясы орыс отарлауына қарсы тұрса, ал екінші сарт партиясы орыстармен бейбіт келісімге келіп, экономикалық және саяси байланысты нығайтуға күш салған сауда қолөнершілер еді<sup>7</sup>.

Осындай саяси қайшылықтарды жансыздар (тыңшылар) арқылы білген Черняев барлық күштерін топтап, Әлімқұлдың қайтып келуіне дейін Шымкентті басып алу жоспарын жасайды. 1864 жылдың 19 қыркүйегінде Черняев әскері мен подполковник Лерхе бастаған екі отряд Шымкент түбінде қосылып, жергілікті жердің жағдайын барлап алғаннан кейін, 20 қыркүйекке қараған түні қалаға шабуыл жасау үшін батареялар тұрғызуға кірісті. Черняевтің қалаға жасаған алғашқы артиллериялық шабуылы нәтижесіз болды. Қаланың дуалының



қатты болуы және қоқан әскерінің қарсылығының күшті болуы Черняев әскерін абыржытты.

Осы абыржыту қоқан әскерін жігерлендіре түсіп, ашық айқасқа көшті. Міне осы жағдайды подполковник Лерхе дер кезінде пайдалана білді. Лерхе капитан Сярковскийді өз тобымен дуалдың сол жағымен жылжытуға, ал капитан Мрочекқа оң жағымен жедел қала қақпасына қарай жылжуға бұйрық береді. Лерхе қалған әскермен тіке қала қақпасына қарай шабуылдады. Осылайша Лерхе ашық айқасқа шыққан қоқан әскерін өкшелей отырып, бекініс қақпасына жеткен, олар қала қақпасын алып, қалаға басып кіреді. Черняев Лерхеге көмекке 2 рота мен артиллериялық взводты қосымша жібереді.

Қоқандықтардың абыржуын пайдаланған Черняев өз отрядымен қаланың қамалына басып кіреді. Қала халқын аяусыз қырғынға ұшыратқан Черняев әскері қаланы толықтай басып алды. Орыс әскерінің Шымкентті басып алуы кезінде 6 адамы қаза тауып, 41 адамы жараланады<sup>8</sup>. Шымкентті басып алуын Черняев Орта Азияға ашылған қақпа деп есептеді. Шымкентті басып алған генерал-майор Черняевты 3 дәрежелі әулие Георгий орденімен, подполковник Лерхенің шені полковникке көтеріліп, ол 4 дәрежелі әулие Георгий орденімен, полковник Кочаловқа генерал-майор шені, поручик Макаровқа алтын қылыш, поручик Тумановты 4 дәрежелі әулие Владимир орденімен марапаттайды. Ал қалған төменгі шендегілерге 1 сомнан күміс ақша берілді<sup>9</sup>.

Шымкентті басып алған жеңісіне шабыттанған Черняев ендігі кезекте Ташкентті басып алуға ұмтылды. Черняев 1864 жылғы 27 қыркүйекте 8 жаяу әскер ротасы және 1 жүздік казак, 12 зеңбірекпен қаруланған, жалпы саны 1550 әскермен, сондай-ақ 400 қазақ жасағымен Шымкенттен Ташкентке қарай жылжиды. Бұл кезде Ташкентте 100 000 халық тұратын. Қала дуалмен қоршалған болатын<sup>10</sup>.

Черняев әскері Шымкент пен Ташкент аралығындағы Қазығұрт тауында, Келес өзенінің бойындағы Шарапхана, Талды бұлақ, Тұрбат, Шарбұлақ маңайында сұлтан Сыздық бастаған жергілікті халықтың қарсыласуына тап болады. Әсіресе Ташкенттің солтүстік шығысындағы «Черняевка» (Жібек Жолы) деп аталған жерлердегі шайқастар, Ташкент маңындағы табан тірескен Сыздық пен Құралбай датқа мен Бұзғынтөбе бойындағы шайқастың нәтижелері генерал Черняевтің алға жылжуына мүмкіндік бермеді. Осылайша Черняев Ташкентке жасаған шабуылы нәтижесіз болып, 4 қазанда Шымкентке қарай шегінеді. Шайқас кезінде Черняев 125-ке жуық әскерінен айырылады. Соның ішінде подполковник Обух та болды<sup>11</sup>.

1864 жылы Әлімқұл орыстардың қол астына өткен Түркістан қаласын олардың тартып алу мақсатында аттанғанда, орыс әскері мен қоқандықтар арасындағы Иқан түбіндегі болған шайқаста Сыздық Кенесарыұлы Әлімқұлдың оң қолы болған. Бұл кезде Иқан ауылы көлемі жағынан 200-ге жуық үйден тұрды. Мұнда тұратын адамдар диқаншылықпен айналысты<sup>12</sup>.

Иқан селосының түбінде болған шайқаста Сырдария шебінен шыққан әскерді орал казактарының есауылы В.Р.Серов басқарды. Осы ұрыста Әлімқұлға Сыздық сұлтан 800 әскерімен көмек көрсетеді. 1864 ж. 4-6 желтоқсанда Иқан түбіндегі ұрыста Сыздық бекіністегі орыс әскеріне шабуылдауда әкесі Кенесарының соғыс тәсілін қолданады. Сыздық сұлтанның Иқандағы ерлігін алғаш жырлаған Майлықожа ақын.

1865 жылы мамыр айында генерал Черняев басшылығындағы патша әскерлері үлкен дайындықтан кейін, Ташкент қаласын басып алу үшін келіп, қаланы қоршауға алады. Ең үлкен шайқастың бірі Сарытөбеде болды. Әлімқұл бұл жерде ауыр жарадар болып, көп кешікпей қайтыс болады. Сыздық сұлтан оны қадірлеп Шайхантаур мазарына қойдырады. Ташкентті қорғау басшылығына Сыздық тағайындалады. Ол Ташкент қаласының бас қазысы молла Сәлімбек пен Хаким-Ходжа және тағы да басқа басшылармен кеңес өткізеді. Ташкент қаласының он екі қақпаларын топырақпен бекітуді тапсырады. Арыстанбек, Бекбау датқаларға қаланың қақпаларын нығайту міндеттерін тапсырды. Үш күн, үш түн орыс әскерлерінің шабуылдарына тойтарыс беріп отырды. Төртінші күні генерал Черняев қала қақпасына жақын жерлерден оқ боратты. Генерал Черняев Ташкенттіктердің табандылықпен қарсыласуына таң қалып, „Әлімқұл қайтыс болған болса, бұл қарсыласуды кім басқарды?“ – деп танданғанда, „Әлімқұлдың орнына Сыздық сұлтан басшылық жасауда“ деген хабарды естиді. Сонда ол „Бұл қолбасшы Әлімқұлдан да күшті екен“ деп, оның қорғану әдісіне мән берген. Ташкент қаласының қорғанысының ұзындығы 24 шақырым болып, оның 200



мың халқы бар еді. Жаудан қорғануға 30 мың кісі қатысты. 22 мамыр күнгі шайқас қаланың сусыз қалуы мен азық-түліктің жетіспеуінен жағдайды ауырлатып жіберді. Бірақ қала халқы бұған мойымай берік қорғанысты күшейте түсті. Мұны Сыздықтың тапқыр басқаруымен байланыстыруға болады. Ішкі өзара билік үшін күрес ақыры Ташкентті орыстар қолына өтуіне әкеліп соқтырды. Сыздық сұлтан Бұхар хандығының жеріне кетеді.

Сыздық сұлтан мен Черняев әскері арасындағы Жизақ соғысында Черняев әскері Сырдарияға қарай шегінеді. Одан кейінгі шайқас Шардарада болады. Сыздық өзімен бірге Арысланбек, Бекбай датқаларды алып, Шардараға қарай бет алып келе жатқанда генерал Черняевтің 400-ге жақын әскерлері жергілікті Шардара халқын қырып, малдарын тонау кезінде, тұтқиылдан шабуыл жасап, жергілікті халықтың аман қалуына көмектеседі. Жергілікті халық Сыздық сұлтанға дән риза болып, Сырдария бойындағы жаудың кемесіне шабуыл жасауына көмектеседі.

Сондай-ақ, Сыздық сұлтан Нұрата тауының төбесіне орналасқан Назар деген кісінің басшылығындағы 500 жігіттерімен патша әскерлеріне қарсы күреспейтін, тек қана елдің малдарын айдап келіп, күн кешіріп жатқанын көріп, оларды өз жағына өткізу шараларын ойлады. Көп әрекеттерінен кейін елдің тәуелсіздігін сақтап қалу, жауға деген қаһарын Сыздық сұлтан Назарға түсіндіре білді. Дұшпанның кімдер екендігіне көзі жеткен Назар өзінің жігіттерімен Сыздықтың сарбаздарына келіп қосылды. Халықтан алған малдарын қайтарып берді. Осылайша Сыздық сұлтан өзінің мәмлөгерлігін көрсете білді.

1868 жылдың мамыр айында Ахмет Кенесариннің Ресей жағына өт деген үгітіне Сыздықтың жолдаған жауап хаты мынандай болды: «Менің бауырым Ахмет Кенесаринге дұғай сәлем және төмендегіні хабарлаймын. Құдай сақтап, біз аман –сау тұрып жатырмыз. Сіздің сұлтан Төре арқылы жіберген хатыңызды алып, қатты қуанып қалдым, менің әйелім балаларымен Бұхарада тұрады, менің өзім әлі толық азат емеспін, бір өзім сіздерге бара алмаймын. Сіздердің орыс басшыларыңыз ешкімге жамандық жасамайды, ешкімді қыспаққа алмайды және мен бұған сенемін. Орыс басшылары игі ниетпен және рақымдылықпен мені еске алыпты – мен бұған ризамын. Бұдан кейін сіздерге айтарым, енді маған бала-шағасыз кету мүмкін емес, мен жалғыз қала алмаймын, ал үй-ішімді алып, мынадай ыстықта далада жүру тағы ыңғайсыз. Амандық болса, күзде отбасымды бірінші жіберіп, жігіттермен қашып шығармын. Құдай қаласа, сіздермен сонда жолығармыз және орыс басшыларына көрінермін.

Менің бұл бұйымтайымды орыс басшыларға жеткізуді сұраймын. Өзімнің сөзімді растап мөр бастым. Сұлтан Сыздық төре Кенесарыұлы»<sup>13</sup>.

1870 жылы генерал-губернатор Кауфман көп әскермен Хиуаға беттейді. Бұл кезде Сыздық сұлтан Хиуа тарабына өткен еді. Хиуа ханы Сыздық сұлтан көп сарбаздармен Кауфманға қарсы аттанады. Бірақ та Хиуа сарбаздары мен әскери күштерді біріктіре алмаған Сыздық сұлтан өз сарбаздарымен Чаржауға қарай кетеді. Сыздық сұлтан Хиуа ханына барды. Хиуа хандығын бұл кезде орыс әскерлері екі тараптан шабуылдап келе жатқанына орай Хиуа ханы олармен келісімге келуге мүдделі еді. Сыздық сұлтан ханмен қайырласып, түркімендерге қарай кетеді. Мерв ханы Қауышты Сыздықты құрметпен қарсы алып, жәрдем көрсететінін және Бұхара әміріне қарсы шабуыл жасауды ұсынады. Бірақ та Сыздық қан төгудің қажетсіз екендігін ескертіп, тек Гератқа жетіп алуға жәрдем сұрайды. Хан бұл ұсынысын қабыл алып, қырық жігітпен Гератқа жібереді.

Сыздық сұлтанның Қашғарға келуі туралы мұрағат қорларында мынадай дерек сақталған. «Кенесарыұлы Сыздық төре қазіргі кезде Қашғарда, Бағдаулеттің билігіне Кабул мен Бадахшан арқылы келген. Янгишарға тоқтаған, онда 8 айдай үй қамауында болды. Сыздықты Жақыпбек жақсы қабылдап, оны әскерінің қолбасшысы (Әмір Лашкер) етіп тағайындап, баласының әйелін, яғни келінін Сыздыққа қосты. Сонымен қатар, бір қытай қызын берді. Қазір Сыздық мырза Ахметпен бірге бір үйде тұрады»<sup>14</sup> деп мәлімдеді. Сыздық сұлтанның Жақыпбек құрған мемлекетке келуін, ондағы қызметін Ресей империясы жіті бақылап отырды. Шығыс Түркістандағы Жақыпбек құрған мемлекетті Қытай империясы басып алғаннан кейін, Сыздық амалсыз орыс билігін мойындап туған еліне оралады.

1878 жылы 10 ақпанда Ферғана облысының әскери губернаторының Түркістан генерал-губернаторына берген мәліметінде: «бұрынғы Қашғар иелігіндегі Сыздық Кенесарыұлы жа-



раланып, біздің билігімізді мойындап Ошқа келді. Егер сіз рұқсат етсеңіз Сыздықты өз өтініші бойынша Шымкент қаласындағы туған інісі Ахмет Кенесаринге жібергеніміз дұрыс болар» -деді<sup>15</sup>. Сондай-ақ Қашғардан келгенде Сыздықта екі стволды қару мен Берден мылтығы болған, бұл қаруларды орыс әскерлері тәркілеп Ташкент артиллериялық ведомоствосының қоймасына өткізеді<sup>16</sup>. Түркістан генерал-губернаторы Сыздық сұлтанға дәрігер жіберіп, жарасын емдеп жазады. 1878 жылы 8 сәуірде Ош уезінің бастығы Сыздықты Ташкентке жібереді. 9 маусымда Шымкент уезінің бастығы өзінің кіші көмекшісі Ахметке ағасы Сыздықты қолына алар кезінде міндетті түрде жазбаша қолхат алуын тапсырады. Уезд бастығының мұндағы мақсаты Сыздықтың көп жылдар бойы орыс үкіметіне қарсы соғысқанын ескеріп, егер Сыздық бұдан кейінгі өмірін тыныштықпен өткізбесе онда заң арқылы жазаланатынын ескертеді<sup>17</sup>. Сыздық сұлтан бұдан кейінгі өмірін Шымкент уезінде өткізді. Шымкент уезіне келген Сыздық 1878 жылы уезд бастығына өтініш хат жолдайды. Онда Ақмола облысындағы туыстарына барып қайтуы үшін бес айға рұқсат етуі туралы айтылған. Бұл өтінішке уезд бастығы тек өлке бастығының рұқсаты керек екендігін ескертіп, генерал-губернатордан оны Сібір жеріне жібереміз бе, жоқ па деп сұрайды. Қорыта айтқанда ұзақ жылдар бойғы Ресей империясының отарлық саясатына қарсы жүргізілген Сыздық сұлтанның күресі халқымыздың ұлт-азаттың қозғалысының құрамдас бөлігі ретінде көрінді.

1 Павлов Н. История Туркестана. Ташкент, 1910. С.163.

2 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (Бұдан кейін ҚРОММ) 345-қ, 1-т, 711-іс, 71-74 пп.

3 Голос . 1869. №169.

4 Сялковский Г. О Туркестанских походах 1864-1865 гг.// Военный сборник 1891. № 2. С. 372-373.

5 Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания. Составитель А.Г. Се-ребренников. Т.17.(1864г.). Ч.1. С.8-19.

6 Там же.

7 Там же. С. 125.

8 Там же. С. 130.

9 Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания. Т.17. (1864 г.). Ч.2. С.150.

10 Там же. С. 163.

11 Там же. С. 133.

12 Там же. С. 202.

13 Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (Бұдан кейін ӨРОММ), 17-қ, 1-т, 9682-іс, 33П.

14 Сонда.

15 ӨРОММ. 1-қ, 19-т, 331-іс. 12-п.

16 ӨРОММ. 1-қ., 19-т., 790-іс., 2.п.

17 ӨРОММ. 1-қ, 19-т, 331-іс. 11-п.

## Резюме

В статье на основе архивных источников освещаются отдельные аспекты жизни и деятельности Сыздыка Кенесарина. В статье использованы материалы из Центрального государственного архива Республики Казахстан и Центрального государственного архива Республики Узбекистан.

## Summary

In the given article the author considers some parties of life Syzdik Kenesaryn on the basis of archival sources. The author uses materials of the Central state archive of Republic Kazakhstan and the Central state archive of Republic Uzbekistan.